

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
"Т.РЫСҚҰЛОВ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ"
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ШЫҒЫС № 09 02 - 1091
15.09 2025

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА!

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сіздерге, «Жамбыл дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығы №484/12.09.2025 хатына сәйкес, жаратылыстану-математика циклы пәндері (математика, физика, химия, биология) бойынша XVIII Президенттік олимпиадасы өтетінін хабарлайды.

Президенттік олимпиадаға бұрын-соңды республикалық және халықаралық пән олимпиадаларға қатыспаған білім беру ұйымдарының 11 сынып оқушылары қатысады.

Олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңі 2025 жылдың 3 қазан күні сағат 09:00-де, екінші (іріктеу) кезеңі 21 қазан күні сағат 09:00-де өткізіледі.

Қосымша: 3 парақ тіркеледі

Басшы



М.Сванов

Орындаған: Н. Садықбекова



«БЕКІТЕМІН»

«Дарын» РҒПО директоры

Г. Турсунов

2025 ж. «12» 09

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-МАТЕМАТИКА ЦИКЛЫ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША
ПРЕЗИДЕНТТІК ОЛИМПИАДАНЫҢ БІРІНШІ (ӨНІРЛІК) КЕЗЕҢІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
(бұдан әрі - Олимпиада)**

1. Жалпы ережелер

1. Олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңі ағымдағы жылғы 3 қазанда сағат 10.00-де бірыңғай өткізіледі.

2. Президенттік олимпиадаға бұрын-соңды республикалық және халықаралық пән олимпиадаларына қатыспаған республиканың білім беру ұйымдарының 11 (12) сынып оқушылары қатысады.

3. Әр қатысушы барлық кезеңдерде төрт пән бойынша тапсырмаларды орындайды: математика, физика, химия және биология.

4. Олимпиаданың өткізілуін бақылау облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларына, «Дарын» өңірлік орталықтарына, республикалық білім беру ұйымдарына, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ға жүктеледі.

2. Олимпиаданы өткізу тәртібі

5. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады және бекітіледі. Ұйымдастыру комитетінің құрамына ұйымдастыру комитетінің төрағасы мен мүшелері кіреді. Олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге жауапты «Дарын» өңірлік орталықтарының директорлары төраға болып айқындалады.

6. Әр пән бойынша қазылар алқасының құрамын қалыптастыру және бекіту қажет.

7. Олимпиадалық тапсырмаларды алу және сақтау, тапсырмалардың құпиялылығы, тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде құпиялылық қағидаларын сақтау үшін бір жауапты адамды («Дарын» өңірлік орталығының басшысы қатарынан) тағайындау керек.

8. Жауап бланкісі Олимпиада ұйымдастырушыларына жіберіледі. Тапсырмалар «Дарын» РҒПО-ның ro.daryn.kz сайтында орналастырылады. Платформаны олимпиада басталғанға дейін 1 сағат бұрын, тапсырмаларға бір уақытта қол жеткізу және жүктеу үшін қолданылады. Олимпиада тапсырмалары әрбір өңірге жеке таңбаланады (маркировка). Ұйымдастыру комитеті тапсырмалардың таралуына жол берген қызметкерлерге қатысты тәртіптік шаралар қабылдауы қажет. Тапсырмаларға қол жеткізу әр өңірдің жауапты тұлғасына беріледі. Алдын-ала тапсырмаларды көбейту үшін КФҚ принтер, сканер, А4 қағаз (1 қатысушыға кемінде 20 п.), конверт дайындау қажет.

Жауап

9. Әрбір қатысушыға бірдей жағдаймен қамтамасыз етілген, жеке жұмыс орны берілуі тиіс.

10. Олимпиаданың әрбір қатысушысы барлық кезеңдерде тапсырмаларды жеке және дербес төрт пән бойынша жауап бланкісінде орындайды (әр пәнге жеке А4 парағы): математика, физика, химия және биология.

11. Жұмыстарды сканерлеу (жауап бланкілері) қатысушылардың қатысуымен жүргізіледі. Олимпиада аяқталғаннан кейін қатысушылардың жұмыстары екі сағат ішінде (120 минут) PDF форматта жүктелуі керек. Әр қатысушының жұмысы бөлек файлмен жүктелуі керек.

12. Сканерлеуден кейін қатысушылардың олимпиадалық жұмыстарын әділ қазылар алқасының мүшелеріне тексеруге ұсыну үшін кодтау (орындаушыны жасыру) қажет.

13. Олимпиадалық тапсырмалардың шешімі және орындауды бағалау критерийлері ұйымдастырушыларға ұсынылатын болады.

14. Тапсырмалардың шешімдері барлық өңірлер олимпиада аяқтағаннан кейін ғана ресми сайтта жарияланады.

15. Қорытынды хаттаманы өңірлік «Дарын» орталықтарының сайтында Олимпиада өткізілгеннен кейін келесі күні жариялау қажет.

16. Олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңінің ашықтығын және академиялық адалдығын сақтау үшін өткізу процесін онлайн режимінде қарау үшін бейне бақылау жүйесімен (бір аудиторияда кемінде жалпы көріністі алатын екі камера) қамтамасыз етіледі.

Олимпиаданы өткізу барысында YouTube трансляцияларына сілтемелер жинау және аудиторияларды бақылау үшін жауапкершілік «Дарын» өңірлік орталықтарына жүктеледі.

17. Олимпиада барысында қатаң тыйым салынады:
- олимпиадалық тапсырмаларды ұжым болып орындау, бөгде адамдардың көмегін пайдалану (ата-аналар, мұғалімдер, интернет желісі және т.б.);

- ішкі жадтан немесе интернеттен жүктелген мәтіндік, графикалық немесе аудио форматта ақпарат беруге қабілетті кез-келген байланыс құрылғыларын, смартфондарды, смарт-сағаттарды және кез-келген басқа гаджеттерді пайдалану;

- кез-келген электрондық немесе қағаз түріндегі анықтамалық ақпаратты, оқулықтарды, басқа әдебиеттерді, конспектілерді және басқа дайындалған жазбаларды қолдану;

- жұмыс орнынан рұқсатсыз кету.

18. Қатысушының нәтижелері төмендегі жағдайлар орын алса жойылуы мүмкін:

- мәлімделген қатысушының орнына емтиханды басқа қатысушы жазса;

- олимпиада кезінде қатысушы емтихан жазу орнынан рұқсатсыз кетсе;

- олимпиада кезінде қатысушы бөгде адаммен сөйлессе;

- интернет пен элеуметтік желілерде тапсырмаларды таратса және көшірсе;

- шпаргалка, тыйым салынған заттарды және құрылғыларды пайдаланса.

19. Олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңінің нәтижелері бойынша есепті (талдау, хаттама, екінші (іріктеу) кезеңіне өткен қатысушылардың тізімі (құжат бойынша тізімді тексеру), қатысушылардың құжаттарын ЖСН-мен) ұсыну қажет.

20. Олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңіне қатысушылар өңірлік атқарушы органдарының қатысу туралы сертификаттармен, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дипломдармен, грамоталармен марапатталады.

21. Екінші (іріктеу) кезеңіне әрбір облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ олимпиаданың бірінші (өңірлік) кезеңінің нәтижелеріне сәйкес құрамында 20 адамнан аспайтын командалар, республикалық білім беру ұйымдары құрамында 8 адамнан аспайтын команда қатыстырады.

Егер бірнеше қатысушы бірдей ұпай санын жинаған жағдайда, қосымша іріктеу өткізілуі қажет.

Жауап